


**«№72 ЖОББМ» КММ химия және биология пәндері әдістемелік бірлестігі
отырысының жылдық жоспары
2021-2022 оқу жылы**

Қ/с	Мерзімі	Қаралатын мәселелер	Жауаптылар
I отырыс			
1	Тамыз	<ol style="list-style-type: none"> 2020-2021 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың қорытындысы Әдістемелік бірлестіктің жаңа 2021-2022 оқу жылына жоспарын жасап бекіту Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын бекіту Жаңа оқу жылындағы міндеттерді бөлісу Әртүрлі мәселелер 	<p>ӘБ жетекшісі ӘБ мүшелері</p> <p>ӘБ мүшелері ӘБ мүшелері ӘБ мүшелері</p>
II отырыс			
2	Қараша	<ol style="list-style-type: none"> I тоқсанға қорытынды жасау ОЖСБ және ҰБТ-ға дайындық жоспарын жасау және ұйымдастыру Мектепшілік және қалалық пән олимпиадасына дайындық Мұғалімдердің шығармашылық есебі Мектеп ауласындағы жылы жай жұмысын жетілдіру Әртүрлі мәселелер 	<p>ӘБ мүшелері ӘБ мүшелері</p> <p>ӘБ мүшелері</p> <p>ӘБ мүшелері ӘБ мүшелері</p>
III отырыс			
3	Қаңтар	<ol style="list-style-type: none"> I жарты жылдыққа қорытынды жасау Мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысы Қалалық пән олимпиадасына дайындықты күшейту Мектепшілік іс-шараларға қатысу Әдістемелік және көмекші құралдар, авторлық бағдарламалар мен жұмысты дайындау Әртүрлі мәселелер 	<p>ӘБ мүшелері ӘБ мүшелері ӘБ мүшелері ӘБ мүшелері</p> <p>ӘБ мүшелері ӘБ мүшелері</p>
IV отырыс			
4	Наурыз	<ol style="list-style-type: none"> III тоқсанға қорытынды жасау ОЖСБ мен ҰБТ-ға дайындық барысы Ғылыми жобаларға шолу, қатыстыу Түрлі байқауларға қатысу көрсеткіштері Әртүрлі мәселелер 	<p>ӘБ жетекшісі ӘБ мүшелері Бекітілген мұғалімдер ӘБ мүшелері</p>
V отырыс			
5	Мамыр	<ol style="list-style-type: none"> II жарты жылдықты қорытынды жасау Мемлекеттік емтихандарға дайындық және оларды өткізу туралы Химия және биология пәндері апталығына дайындық жасау, жоспарын құру ҰБТ-ға дайындық, тапсыратын оқушылар мәселесі Әртүрлі мәселелер 	<p>ӘБ жетекшісі ӘБ мүшелері</p> <p>ҰБТ-ға жауапты мұғалімдер</p>

ӘБ жетекшісі



Ж.Б.Баибатшаева

«Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 ЖОББМ» КММ химия және
биология пәндері бірлестігі мәжілісінің
№1 хаттамасы

26.08.2021ж

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың қорытындысы
2. Әдістемелік бірлестіктің жаңа 2021-2022 оқу жылына жоспарын жасап бекіту
3. Күнтізбелік –тақырыптық оқу жоспарларын бекіту
4. Жаңа оқу жылындағы міндеттерді бөлісу
5. Әртүрлі мәселелер
 - А) Сынып сағаттарын бөлу
 - Ә) Кабинеттерді бекіту
 - Б) Күнтізбелік жоспар, қолданбалы, таңдау курстарын жазу
 - В) «Мұғалім этикасы» баяндамасын талқылау
 - Г) Дәстүрлі және онлайн оқытылудың ерекшеліктерін талқылау

Тыңдалды:

№1 мәселе

Сөзге шыққандар:

Пән мұғалімдерінің бәрі

Хабарлама тақырыбы және оның қысқаша мазмұны:

Бірінші мәселе бойынша пән мұғалімдерінің бәрі өткен оқу жылында атқарған жұмыстарындағы жетістіктер мен жіберілген олқылықтар бойынша есеп беріп, қорытынды жасады.

№2 мәселе

Сөзге шыққандар:

Нурлыбаева Қ, Жолдасова Р, Сәдуақас Д, Жекенова Г, Усенова А, Жакашева Г, Ортаева Г, Қалназарова Д, Бекбаева А.

Хабарлама тақырыбы және қысқа мазмұны:

Екінші мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылына бірлестіктің жоспарын ақылдаса отырып жасалынды. Жоспарға осы оқу жылында атқарылуы тиіс жұмыстар кіргізілді. Бірлестік мүшелері бірлесе отырып жаңа оқу жоспарын жасады.

№3 мәселе

Сөзге шыққандар:

Пән мұғалімдерінің бәрі

Хабарлама тақырыбы және қысқа мазмұны:

Үлгілік оқу жоспарының өзгерістеріне байланысты сағат жүктемесі бөлінді. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарын бекіту мәселесі бойынша пән мұғалімдері барлық сыныптардағы сағаттар санын анықтап алып, сол бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар жасау, бекіту және 130 бұйрыққа сүйене отырып қысқа мерзімді жоспар жасалынып үлгі ретінде түсіндіріліп жоспарланды

№4 мәселе

Сөзге шыққандар:

Пән мұғалімдерінің бәрі

Хабарлама тақырыбы және оның қысқа мазмұны:

Төртінші мәселе бойынша жаңа оқу жылындағы міндеттерді бөлісу: 1)

Елбасиева Гаухар, Орал Нүркен мен Жолдасова Роза – мұғалімдер олимпиадасына

қатысады, 3) Ахметова Балжан мен Алпысбаева Улдана – оқушылар

олимпиадасына оқушыларды дайындайды, 4) Елбасиева Гаухар – оқушылар

арасындағы «Д.И.Менделеев» олимпиадасына оқушылар дайындайды, 5)

Баибатшаева Жадыра – мектепшілік тамыз пед. конференциясына қатысты,

Бекбаева Ақшолпан, Садуақас Дана, Алпысбаева Улдана, Қосжанова Улбике–

ғылыми жобаға оқушы дайындайды. Усенова Ақсымбат, Баибатшаева Жадыра,

Ахметова Балжан авторлық бағдарлама жұмысы осы аталған мұғалімдерге

жүктеледі.

Басқа мұғалімдерге кезектен тыс байқаулар міндеттеледі. Бірлестік жұмыстары жоспарланып, бірлестік мүшелеріне жүктелді.

№5 мәселе

Сөзге шыққандар

Пән мұғалімдерінің бәрі

Хабарлама тақырыбы және оның қысқа мазмұны:

А) Сынып сағаттарын бөлу: Сыныптың сағат жүктемелері бөлініп, мұғалімдер өз жүктемелерін жазып алды. Ә) Кабинеттерді бекіту: Биология және химия пәндерінің ақылы кабинеттері мына мұғалімдерге жүктелген және сол бойынша өзгермейтін болды: №117 химия кабинеті Бекбаева Ақшолпанға, №114 биология кабинеті Алпысбаева Улдана, №113 биология оқу кабинеті Жолдасова Розаға, №112 биология кабинеті Садуақас Данада қалатын болды.

Б) Күнтізбелік жоспар, қолданбалы, таңдау курстарын жазу: мұғалімдердің күнтізбелік тақырыптық жоспары сағат жүктемесіне қарап бекітілуі жайлы айтылды, пән бойынша қолданбалы курс пен таңдау курстардың бекітілуі жайлы айтылды. В) «Мұғалім этикасы» баяндамасын талқылау: мұғалімдер қашықтықтан оқыту барысында оқушылармен, ата-аналармен интернет арқылы байланыс жасауда, жиналыс өткізілгенде мұғалім этикасын ұмытпауды, сабақ өту барысында әдептілікпен, тиянақтылықты талап ететіні айтылды.

Г) 2021-2022 оқу жылында дәстүрлі форматта мектеп оқушылары білім алады.


Оқытуда педагогикалық кеңесте мектеп басшылар тарапынан айтылғандай «Күнделік» кз пен «Bilimlend» платформасын бірге жүргізу керектігі, күнделікті оқушылармен «Bilimlend» онлайн платформасында дайын сабақтарды қолдануға болатындығын айтып өтті. Сондықтан сынып оқушыларына «Күнделік» кз пен «Bilimlend» платформаларына сабаққа кіру үшін логин, парольдері берілуі айтылды, дәстүрлі форматта оқытуда сапалы білім беру жолдары қарастырылсын.


Қосымша мәселелер бойынша осы оқу жылыда аттестациядан өтуге

уақытты келген мұғалімдер өтініш беруге болады. Мұғалімдер аттестациядан кыркүйек, қазан айларында аттестациялауға баратыны айтылды. Пән мұғалімдері өз ойларында жүрген мәселелерді ортаға салып, көпшілікпен шешті

Әдістемелік бірлестіктің мәжілісінің қаулысы

1. Өткен оқу жылында атқарған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын.
2. 2021-2022 оқу жылында мұғалімдердің негізгі пәндер дәстүрлі форматта және негізгі емес пәндер онлайн режимінде сабақтардың жүргізілуі жоғары дейгейде жүргізілсін.
3. Мұғалімдерге жаңа оқу жылындағы жүктелген міндеттер орындалсын.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:  Ж.Б.Баибатшаева

Әдістемелік бірлестік хатшысы:  Бекбаева А.

**№72 жалпы орта білім беретін мектебінің
химия және биология пәндері әдістемелік бірлестігі отырысының
№ 2 хаттамасы**

13.11.2021 жыл

Қатысқаны – 17

Күн тәртібінде:

1. I тоқсанға қорытынды жасау.
2. ОЖСБ және ҰБТ-ға дайындық жоспарын жасау және ұйымдастыру.
3. Мектепшілік және қалалық пән олимпиадасына дайындық.
4. Мұғалімнің шығармашылық есебі.
5. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ӘБ жетекшісі Баибатшаева Жадыра сөзге шықты.

- I тоқсанда барлық сабақтар жоспар негізінде жүргізілді. Жоспар бойынша тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары алынды. Тоқсан соңында биология пәнінен оқу үлгерімі бойынша білім сапасы -60,5%, үлгерім - 100% болса, бақылау жұмысының қорытындысы бойынша білім сапасы – 60,5%, үлгерім – 100% болды. Ал, Жаратылыстану пәнінен оқу үлгерімі бойынша білім сапасы -62,5%, үлгерім - 100% болса, бақылау жұмысының қорытындысы бойынша білім сапасы – 62,5%, үлгерім – 100% болды. Химия пәні бойынша білім сапасы -60,2%, үлгерім - 100% болса, бақылау жұмысының қорытындысы бойынша білім сапасы – 60,2%, үлгерім – 100% болды.

Екінші мәселе бойынша Садуақас Дана мен Бекбаева Ақшолпан сөз алды.

Барлық 11-сынып оқушыларымен қосымша жұмыс жүргізу үшін ҰБТ-ға дайындық жоспарлары жасалды. Дайындық сол жоспарға сай жүргізілуде. Тест жұмыстары алынып, жаңа форматта жаттығулар орындалуда. Биология пәні мұғалімі Алпысбаева Улдана 9-сынып оқушыларымен ОЖСБ –ға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқанын, жұмыс жоспарлары жасалып, тест алынып жатқанын айтып өтті. Қазіргі кезеңдегі пандемия жағдайына байланысты оқушылардан тест жұмыстары барлық талаптарды сақтай отырып, жоспарланған кесте бойынша алынып жатқаны баяндалды.


Үшінші мәселе бойынша Нурлыбаева Канымкуль, Косжанова Улбике, Турсункулова Айжан сөзге шықты. Мектепшілік пән олимпиадасы қараша айларында 5-6 сыныптарға онлайн форматта, 8-11 сыныптарға «Дарын» орталығы ұйымдастыруымен онлайн өткізілетіні. Осы олимпиада нәтижесінде жетістікке жеткен жеңімпаз оқушылар қалалық олимпиаданың аудандық кезеңіне жолдама алады, сонымен қатар, қалалық олимпиададан да орын алу үшін жеңімпаздардың дайындығын күшейту керек деді өз сөзінде.

Төртінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Баибатшаева Жадыра сөз алып, «Білімді мұғалім-2021» сайысына қатысып, жүлделі орын алған мұғалімдердің жетістігін ерекше атап өтіп, Жолдасова Роза 1 орын, Косжанова Улбике 2 орын дипломдарымен марапатталғанын айтты. Орын алған мұғалімдерді мектепшілік марапатқа ұсынылды. Әр түрлі мәселе жөнінен Калназарова Дина сөз алды. Әріптестерге оқушылар арасында өтетін пән олимпиадасына сәттілік тілей отырып, қолдан келер көмегімізді аямайық деді.

Қаулы:


1. I тоқсанда атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылып, келесі тоқсанда 70% -ға көтеруге жұмыстар жасалсын.
2. ОЖСБ, ҰБТ-ға дайындық жоспар бойынша жүргізілсін;
3. Мектепшілік және қалалық пән олимпиадасына дайындық талапқа сай жүргізілсін;

ӘБ жетекшісі



Б.Ж..Баибатшаева

Хатшы



I.А.Бекбаева

**С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің
химия және биология пәндері әдістемелік бірлестігі отырысының**

№ 3 хаттамасы

04.01.2022 жыл

Қатысқаны – 17

Күн тәртібінде:

1. I жарты жылдыққа қорытынды жасау.
2. Мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысы.
3. Қалалық пән олимпиадасына дайындықтың барысы.
4. Мектепшілік іс-шараларға қатысу. Күнделік kz, модерациялық хаттаманың жүргізілуі
5. ҰБТ-ға дайындық барысы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ӘБ жетекшісі Баибатшаева Жадыра сөзге шықты.

Ол I жарты жылдыққа жалпы қорытынды жасай келе, тоқсан соңында оқу үлгерімі биология пәні бойынша білім сапасы -60,5%, үлгерім - 100% болса, Жаратылыстану пәні бойынша білім сапасы – 62.5%, үлгерім – 100%, химия пәні бойынша білім сапасы – 60,2% үлгерім – 100% болғанын айтты.

Екінші мәселе жөнінен Жолдасова Роза, Алибекова Камшат сөз алды.

Ол өз сөзінде: 2021-2022 оқу жылы барысында 5-6 сыныптар арасында биология пәні бойынша пән олимпиадасы өткізіліп, мектебіміздің 6«Г» сынып оқушысы Зеберше Кәусар жүзден жүйрік шығып, қалалық оқушылар арасында мадақамамен марапатталды. Сондай-ақ биыл пән олимпиадалары Дарын орталығымен бірлесіп, қашықтықтан онлайн болғанын, нәтижесінде пән олимпиадасының жүлдегерлері анықталып, келесі кезеңге жолдама алғандығын, олардың дайындықтарына пән мұғалімдері жауапты болатынын ескерте кетті.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Жетекшісі
1	Жумабай Айдана	9 «Ә»	Химия	Жекенова Гаухар
2	Гасимов Рухсот	9 «А»	Химия	Косжанова Улбике
3	Елеусіз Береке	10 «Ә»	Химия	Бекбаева Ақшолпан
4	Әмзе Ербулан	10 «Е»	химия	Бекбаева Ақшолпан
5	Абуталип Ақниет	11 «Д»	Химия	Бекбаева Ақшолпан
6	Төлебеков Балнур	11 «Г»	Химия	Бекбаева Ақшолпан
7	Болисова Аяулым	11	Биология	Садуақас Дана
8	Қуандық Айда	10 «Г»	Биология	Нурлыбаева Канымкул
9	Қалдыбай Лашын	10 «Г»	Биология	Нурлыбаева Канымкул
10	Даулет Рамаза	9 «Ғ»	биология	Баибатшаева Жадыра

Үшінші мәселеде Бекбаева Ақшолпан қалалық пән олимпиадасына дайындықтың барысы жайлы сөз қозғады.

Биылғы пандемия жағдайына байланысты онлайн өткізіліп жатқан олимпиадаға оқушыларды психологиялық және рухани жағынан пән мұғалімдерімен

жетекшілері ерекше дайындау қажеттігімізді, өйткені олимпиада барысында күрделі сұрақтар мен тапсырмалар келетінін, оқушыларда қобалжу, нәтижесі қалай болады деген қорқыныш болады, сондықтан нәтижелі жұмыс жасауымыз қажеттігін ескертті.

Төртінші мәселе бойынша Жолдасова Роза сөз алды.

-Барлық мұғалімдер мектепте өтетін барлық қоғамдық жұмыстар мен кезекшілікке, іс-шараларға уақытылы, белсене әрі түгел қатысуы қажеттігін ескертті. Сонымен қатар төтенше жағдайға байланысты 6 қаңтардағы №3 бұйрығына сүйене отырып 3 тоқсанның 1-ші аптасының демалыс болуына орай сағаттардың 4 тоқсанға созылуына байланысты күнтізбелік тақырыптық жоспарларды екінші жарты жылдыққа жаңадан бекітуіміз қажеттігі, күнделік журналын уақытылы толтырып, әр тоқсанда соңында тоқсандық жиынтық бағалау нәтижесінде модерациялық жұмыстарды әр пән мұғалімі уақытылы жасап отыру қажеттігін. Осы тапсырмалар уақытылы орындалмаса мектеп басшылығы қағаз жүзінде АКТ түзіп, ескерту беретін баяндады.


Бесінші мәселе бойынша Бекбаева Ақшолпан мен Садуақас Дана :ҰБТ-ға дайындық барысы жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. 11 сынып оқушыларынан пән бойынша сұрақтар, тест жұмыстары алынып жатқаны жайлы айтып өтті. Тест нәтижесі дер кезінде жарияланып, кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізілді.

Әр түрлі мәселе жөнінен Бекбаева Ақшолпан сөз алды. Әріптестерге мектебімізде 3 желтоқсан күні қалалық семинар өтілді. Семинарда бірлестік жетекшісі Баибатшаева Жадыра «Бірлестік тынысы» тақырыбында баяндама оқып мадақтамамен марапатталды. Семинарды ұйымдастыру қажетті заттармен қамтамасыз етіп жағдай жасағаны үшін Бекбаева Ақшолпан мадақтамамен марапатталды. Нурлыбаева Канымкуль оқушылар арасында өтетін пән олимпиадасына сәттілік тілей отырып, қолдан келер көмегімізді аямайық деді.

Қаулы:


1. I жарты жылдыққа жасалған қорытынды қанағаттанарлық деп табылсын;
2. Мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын
3. Қалалық пән олимпиадасына дайындық барысы күшейтілсін;
4. Мектепшілік іс-шараларға қатысу жолға қойылсын, Күнделік журналы уақытылы жүргізіліп, тоқсандық жиынтық жұмыстар бойынша модерациялық жұмыстар жасалсын;
6. ҰБТ-ға дайындық барысы қанағаттанарлық деп табылсын.

ӘБ жетекшісі



Баибатшаева.Ж.Б

Хатшы



Бекбаева. А.І